

Д. БАЙҚ АДАМОВ А

# ҚАЗАҚ СТЕНОГРАФИЯСЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1961

## КІРІСПЕ

Республиканың мемлекеттік аппараттарында, қоғамдық, кооперативтік ұйымдарында қазақ тілінде іс жүргізу шараларын жүзеге асыру мақсатын көздеп, 1959—1960 оқу жылынан бастап Алматыдағы 12 қазақ орта мектебінің оқу жоспарына стенография сабағы енгізілді.

Әрбір адамның стенографияны өзі үшін пайдалануындағы бір жеңілдік оның өз мамандығына байланысты жазып алатын сөздері таныс, бір шеңберде болып келеді. Демек, практик-стенограф қолудан гөрі өзі үшін үйреніп, стенографияны пайдалану анағұрлым жеңіл.

Кейбір жолдастар стенографияны тек біреудің айтқанын құлақпен естіп, қағаз бетіне қолмен түсіру ғана деп ойлайды. Стенографияның негізгі мақсаты осы екені де даусыз. Бірақ тек хат танытын, ұғымы шамалы, қоғамдық өмір саласына жете таныс емес адам практик-стенограф бола алмайды. Қоғамдық өмірдің өсуіне байланысты сөздік қор да, сөз құрамы да дамып отырады. Қауырт дамыған тілді меңгеру үшін стенография жазуының сызық тәсілдерін де икемдеп, жаңадан тудырып отыру керек, бұл бір. Екіншіден, тілге жүйрік, тілдің бояуын түсіну, сөйленген сөзді ұғу басты шарт. Үшіншіден, қазақ тіліне енген термин сөздерді, әр түрлі шаруашылық саласының дамуына байланысты қазақ тілінде жаңадан жасалып жатқан сөздерді еске алғанда қазақ азаматтарының орыс тілін білуі де көп жеңілдік келтіреді.

Кәдімгі жазумен минутына 20—25 сөз жазылатын болса, стенографияны қолдану арқылы минутына кемі 90—100 сөз еркін жазылады. Стенография арқылы қаншама уақыт үнемделетіні осының өзінен-ақ түсінікті. Осыған орай екінің бірі стенограф болуы мүмкін, бірақ олардың бәрі бірдей шапшаң жаза береді дей алмаймыз. Кейбір адам шапшаң, жұмысты тез істейтін елгезек болады, оның стенографияны тез жазуы мүмкін. Сөйтіп әрбір стенографтың өзіне тән қасиеті болады. Мұнда көзін, қолын, көңілін, құлағын, ақыл-ойын бір салаға тоғысып, жазу үстінде қабілетінді арттырып, шешен сөзін жазуда шабыттандырып отырады. Мұндай қабілеттік көп жылдық жұмыс тәжірибесінен кейін ғана пайда болады.

Стенография жазуымен барлық шаруашылық саласындағы сөздерді қамтуға бола ма? деген сұрау өзінен-өзі туады. Бұл сұрауға жауап беру үшін, ең алдымен мұның қандай шаруашылық екенін айқындау керек. Міне, осыған тоқталайық. Әрбір шаруашылық саласының өзіне тән терминдері бар. Мысалы, дәрігер емес адамға медициналық терминдерді жазып алудың өзі қиын. Әрине, мұндай жағдайда оны стенография жазуымен қағаз бетіне түсіру де оңай емес. Бұдан мұндай сөздерді жаза алмайсың деген ұғым тумайды, бірақ жазғанмен онда қате көп болуы ықтимал. Қоғамдық басқа ғылымдардың қандай саласында болса да айтылған сөздерді кідірмей жазып, жазылған материалды көп уақыттан кейін де мүдірмей оқуға бола береді. Бұл айтқанымыз тек стенографияның теориясын меңгеріп, практикада қолданғаннан кейін ғана пайда болатын жайлар. Ал соған жету үшін не істеу керек? Бұл үшін жаттығу жұмысын көбірек жүргізіп, әр сөздің жазылу нұсқаларын ойланбай жазатындай болу қажет. Шапшаң жазатын адамдардың өздері де бөгде сөзге кездескенде саскалақтап, мүдіріп қалады. Шешен оны күтіп тұрмайды, сөйлей береді, бұл арада стенограф сөз желісін үзіп, көп сөзді түсіріп алады. Мұндайда бір сөзге бола кідірмей, оған орын тастап, әрі қарай жаза бергені жөн.

Орыстың жан-жақты ықшамдалып, пайдалануға оңайланған тұрақты жүйесі бар, қолданылғанына жүз жылдай болған орыс жүйесімен минутына 100—110 сөз жазылады. Қазақ стенографтары үшін әлі бір жүйеге келмеген, зерттеу, ықшамдау елегінен өтпеген «НУС» («Национальная Унитарная Стенография») жүйесімен минутына 90—100 сөз жазу — үлкен жетістік. Кәдімгі тіл емлесін біліп, қатесіз жазу үшін де он жыл оқимыз. Соның өзінде қатесіз жаза алмайтын адамдар кездеседі. Сондықтан иероглиф тәрізді шым-шытырық стенография жазуын бір жылда толық меңгеріп, жазып кету өте тез көрінуі де ықтимал. Егер бұл көмекші құрал арқылы үйренушілердің негізінен орта мектепті бітіргендер және жоғары оқу орындарында оқып жүрген білімді адамдар екенін ескерсек, олардың үйрену мерзімінің әрі қысқартатынын, әрі жақсы игеретінін сеніммен айта аламыз. Бұл жүйе тәжірибеде ширек ғасыр қолданылып, жол-жөнекей жасалған талдау, талғау, ықшамдау, негіздеу сияқтылардан кейін де байқалған кемшіліктерді ескергеннің өзінде бұл құрал стенография пәнінен орнықты білім алуға көмектеседі деп сенеміз.

Стенография жүйесінің қандайы болса да сөзді әрі шапшаң, әрі қатесіз жазу тұрғысынан бағаланады. Сондықтан Совет Одағында қолданылып келе жатқан «НУС» және Соколов жүйелерінің әрі шапшаң, әрі қатесіз жазылуы жағынан қайсысы тиімді екенін, қазақ тілі ерекшеліктеріне қарай фонетикалық қысқарту жолын табу арқылы анықтау — тіл мамандарының төл ісі.

Айта кететін бір нәрсе 1958—1959 оқу жылында Алматының Жоғарғы партия мектебінде осы көмекші құралдың қолжазбасы бойынша сабақ жүргізіліп, 120 сағаттық оқудың барысында кей-

бір оқушылардың минутына 75 сөзден жазып үлгергенін көріп, автор қолжазбасын Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының тіл кафедрасына қаратты. Кафедра меңгерушісі филология ғылымының кандидаты Ғ. Қалиев жолдас қарап, көмекші оқу құралы етіп шығаруды Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтына ұсынды. Филология ғылымының докторы Ғ. Мұсабаев, филология ғылымының кандидаты Ғ. Бегалиев жолдастар көмекші құралдың қолжазбасындағы кемшіліктерді авторға жөндетіп, баспаға ұсынды. Қазақ стенографиясының көмекші құралын жасауға ақыл-кеңесімен нақты көмек көрсеткен филология ғылымының кандидаттары Ғ. Қалиев пен Ғ. Бегалиев жолдастарға және филология ғылымының докторы Ғ. Мұсабаев жолдасқа автор алғыс айтады.

Бұл көмекші құрал қазақ тілінде жазылған бірінші тырнақ алды еңбек екенін ескергенде, мұның кемшіліктері болуы да мүмкін. Сондықтан осыны оқып үйренуші талапкерлер келешекте стенография жүйесінің күрделі мәселелерін шешуге белсене қатысып, қазақ стенографиясын жетілдіре түсуге нақты үлес қосады деп сенеміз.



## СТЕНОГРАФИЯ ТАРИХЫНАН

Адам баласы ауыздан шыққан сөзді сол күйінде, түгел тез жазып алуды ертеден-ақ арман еткен. Ол үшін әр сөзге белгі тауып, буын таңбалап, әріп түсіріп, сөйлемді ықшамдап жазу, таңбалау қажеттігі туды. Осыдан барып стенография жазуы шыққан.

Стенография грек сөзі. Орысша «узкопись», «краткопись», қазақша ықшамдап жазу, қысқарта жазу деген мағынада. Бір кездерде Грецияда стенографияның анайы түрі қолданылған. Сонымен ертедегі Греция және Рим империясында білім мен мәдениеттің өркендеуіне байланысты стенография өнері өзінің даму жолына түседі. Мысалы, белгілі Сократтың шәкірті Ксенофонт ұстазының сөздерін осы қысқартылған белгілермен жазып алды деген деректер бар. Стенография Грецияда пайда болып, кейін Рим империясына ауысқан. Мысалы, Цицерон құлдықтан босатқан Тирон бұл стенография тәсілдерін жаңартып, латын тіліне қолданған, сөйтіп өз иесінің шешен сөздерін жазып алып отырған. Тиронның бұл шығарған қысқартып жазу өнері кейін Тирон нотасы деп аталған.

Осыдан бастап стенография бірте-бірте көпшілік арасына тарайды. Сонау Август заманының өзінде-ақ стенографияны мектептерде оқумен қатар, стенография үйренетін арнаулы училищелер ашылған. Бұл дәуірде стенография Рим мемлекетінің ресми документтерінде де қолданылған. Кейбір документтерде түрлі бұрмалаушылықтар көбейгендіктен нотариалдық документтерге стенографияны қолдануға үкімет тарапынан тыйым салынған. Сөйтіп, бұл жәйт Римде стенографияның тоқырауына басты себеп болған. Рим империясының құлауына байланысты стенография мүлде ұмытылған, стенографияның X ғасырға дейін тек діни документтерде келгендігі аңғарылады, орта ғасырлардағы стенография өнерінің ізі сақталмаған.

Европа елдерінде стенография XVI ғасырда пайда бола бастайды. Тұңғыш қысқарта жазу жүйесін ойлап тапқан Джон Уиллс, оның жүйесі 1602 жылы жарық көреді. Ол геометриялық негізде жасалған. Уиллстен кейін де жаңа дербес жүйе шығару жолында ізденушілер болғанмен, олар ешбір жаңалық қоса алмаған. Тек 1786 жылы ғана әлгі геометриялық жүйені жаңартқан Семуел Тейлор болды.

Ағылшын стенографиясының көптеген жылдар қолданылып келген бұл жүйесі көпшілік тілегін қанағаттандыра алмады. XIX ғасырдың басында провинциялық мұғалім Исаак Питман ағылшын тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, геометриялық жүйені жеңілдеткен. Бұл фонетикалық жүйенің ерекше бір жетістігі әрбір сөзді, анық және қатесіз жазуға жол ашқандығы еді. Осы Питман жүйесі ағылшын тілінде сөйлейтін елдер арасында осы күнге дейін қолданылып келеді.

1792 жылы Тейлор мен Бертин бұл жүйені француз тіліне лайықтап, қайта құрды. Бұл Тейлор-Бертин жүйесі деп аталды. Осы жүйемен университет профессорларының, шешендер сөздерін геометриялық сызықтар арқылы еркін жазған практик-стенограф Бертон француз стенографтарының Несторы деген атаққа ие болады.

Жоғарыда айтылған стенография жүйелерінің негізгі ерекшелігі — бұл жазудан гөрі геометриялық сызықтарға көбірек ұқсас, әріптердің негізі — шеңбер, жарты шеңбер, тік сызық, нүкте, тағы сондай әр түрлі қалыпта пайдаланылады. Мұндай стенография жүйесімен сөзді шапшаң жазуға жету көп еңбектенуді, ұзақ үйренуді керек етеді.

Осы ағылшын стенографиясының французға жеткен түрін XIX ғасырда немістер өз тіліне пайдалануға әрекет жасайды. Көп сөздері дауыссыз әріптердің тіркесінен құралатын ағылшын тіліне сай келген геометриялық жүйе неміс тілінің ерекшелігіне сай келмейді.

Ең бірінші графикалық стенографияның негізін салушы профессор Габельсбергер болды. Габельсбергердің айтуынша, ол 1817 жылы шапшаң жазудың амалын іздестіріп, мемлекеттік мекемелердің қызметін жеңілдетпек болады. Баварияда бұдан екі жыл кейін болатын мемлекеттік сөздік бір кеңесте ол шешендердің сөздерін осы жүйесімен жазып алуға болар ма еді, деген ойға қалады. Соған дейін көп ізденіп, ол бұл жүйені тоғыз рет өзгертеді. Осының үстінде ерте замандағы Рим стенографиясының тұрақты белгілеріне жақындау жағы көзделеді.

Сөйтіп, ақыры 1834 жылы оның 17 жыл ізденген еңбегі жарық көреді. Габельсбергер жүйесі бойынша сөз қысқартудың алты түрлі жолы қолданылады. Бұлардың төртеуі қазіргі стенография жүйелерінің бәрінде кездеседі. Мысалы, «Сөзді мағынасына қарай қысқарту» сияқты екі түрлі жүйе өте қолайсыз болып шығады. Габельсбергер жүйесі, осы сияқты кемшілігіне қарамастан, өз кезінде кең тараған жүйе болды. 1853 жылы Мюнхенде өткен стенографтар кеңесінде бәйгеге түскен жүйелер ішінде бұған бәйге де берілді.

Германияда Габельсбергер жүйесімен стенография үйренушілер 1864 жылы 13 000 адам, стенография үйрету үшін құрылған 236 қоғам, ал европалық мемлекеттерде 4 қоғам жұмыс істейді. Бұл стенография үйрететін қоғамдардың ішінде 1839 жылы Дрезденде үкімет тарапынан ашылған Саксониялық стенографиялық

институт көрнекті орын алады. Осы кезде Германияның өзінде 30, басқа мемлекеттерде 4 тұрақты стенографиялық журналдар шығарылған.

Саксониялық стенография институтының ашылуына Габельсбергердің стенографиялық еңбегін Мюнхен академиясының қабылдауы себеп болды.

Габельсбергердің шәкірттері неміс жүйесін өзгертпей, бүкіл дүние жүзінің барлық тілдеріне пайдалануға болады деп, неміс тілінде қандай әріптер алынса, оларды сол күйінде ағылшын, итальян, француз тілдерінде колданып, стенографиялық оқулықтар шығарған. Ал әр тілдің түрі және тобын, тегін еске алсақ, бір жүйе барлық тілге жарамайтындығы сөзсіз.

Германияда Габельсбергерден кейін неміс стенография жүйесін анықтап, жеңілдету мақсатымен еңбек еткен Штольце еді. Штольце неміс тілінің ерекшеліктерін зерттеп, қысқарту жолдарын қайта қарап, толып жатқан жаңалықтар енгізді. Неміс тіліндегі бұл екі жүйе бірімен бірі бәсекелеседі. Штольце мен Арндес графикалық жүйені жаңарттым, жеңілдеттім дегенімен сөзді айқын жазуда екі жүйе бір шамалас еді. Дегенмен шапшаң жазу жағынан Габельсбергер жүйесі артық болатын, сондықтан да оны жақтаушылар көп болды. Соның нәтижесінде Германияда 1902 жылдары 3821 стенографиялық қоғам құрылады, оның мүшелері 122 128 адам болады, ал онда оқушылардың саны 146 171 жеткен. Мұнда оқу орындарының көпшілігіне стенография пән ретінде енгізілді, Берлин университетінде дербес стенография кафедрасы да құрылды.

Америкаға ағылшынның геометриялық жүйесін таратқан Бенн-Питман еді, бұл жылдары Нью-Йоркте 50 мың стенограф, оның 30 мыңы әйел болған. Санақ мәліметіне қарағанда, Америкада стенография жазуын білетін әйелдер саны 120 мыңға жетсе керек.

Стенографияның графикалық жүйесі Австрия, Румыния, Болгария, Греция, Италия сияқты елдерге де тараған. Еуропа елдерінің бәрінде дерлік графикалық жүйе колданылып келеді. Бірқатар жерлерде геометриялық ағылшын жүйесі қатарласып жүр.

Империалистік елдер арасындағы сауда-саттық қарым-қатынас арқылы стенография Азия елдеріне де жайылды. 1882 жылы Питман өңдеген ағылшын жүйесін Жапония мен Қытай, ал француз жүйесін Түркия пайдаланады. 1889 жылы Жапонияда «Sokkitho» деген атпен алғашқы стенографиялық газет шыға бастайды.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден Батыс Еуропа елдерінің жұртшылығы стенография өнеріне қалай қарағанын аңғаруға болады. Тіпті 1848 жылы француз халқының ұлттық жиналысында жасалған баяндамада: «... Палата стенографтарын төменгі чиновниктер қатарына санамай, оны заң шығаратын орында істейтіндіктен...» жоғары лауазымды чиновниктер қатарына жатқызған. Атақты жазушы Виктор Гюго: «... XX ғасырда стенография халықтық жазуға айналады», Александр Дюма «Стенография барлық жерде үйретіледі» дегенді сеніммен айтқан.



Стенография тарихын Греция және Рим империясы заманынан бері қарай шолып өткенде, дүние жүзінде стенография әріптерінің негізін құрайтын сызықтар — геометриялық және графикалық екі негізге сүйенген жүйеде қолданылып, әр тілдің ерекшелігіне негізделгені байқалады. Лингвистика ілімінде тілдерді топқа бөліп, тілдердің өзінше ерекшеліктері болады десе, соның ішінде біз сөз еткелі отырған қопармалы тіл (орыс тілі) мен жалғамалы (түркі тектес) тілдерді бірімен бірін салыстырғанда, әлгі ерекшеліктер одан әрі айқындала түседі. Қопармалы және жалғамалы тілдердегі сөздердің буын құрамдары мен сөйлем ішіндегі сөздердің түрлену жүйелері басқа-басқа сөз құрамындағы, я сөз шекарасындағы дыбыс құбылыстарының жолы да өзгеше болады.

Сөйлеуші тиянақты бір ойды түйіндеп, сөйлемдер арқылы білдіреді. Сөйлем сөздерден, сөз дыбыстардан құралады. Сөз құрамында қанша дауысты дыбыс болса, оның құрамындағы дыбыстар ауыздан сонша бөлініп-бөлініп шығады. Ауыздан шыққан сөзді шапшаң үлгіріп жазу үшін стенограф-практиктер әр тілдің ерекшеліктеріне қарай, стенография жүйелерін тіл ғалымдарымен бірлесе отырып жасаған. 1602 жылы Джон Уиллстың шығарған геометриялық жүйесін И. Питман ағылшын тілінің фонетикасына негіздеп, XVIII ғасырдың басында жетілдірді, бұл ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерге кеңінен тарады.

1829—1834 жылдары Габельсбергердің Германияда шыққан графикалық жүйесі өзінен екі жарым ғасыр бұрын орын тепкен геометриялық жүйені стенографиялық жазуға қолайлылығынан ширек ғасыр ішінде ығыстыра бастайды. Бұл графикалық жүйені француздар пайдаланады, одан ағылшындарға тарайды.

Россияға да басқа елдермен дипломаттық және сауда қарым-қатынасы арқылы стенография ресми түрде емес, жеке адамдардың инициативасымен XVIII ғасырдың басында кіргендігін дәлелдейтін деректер бар. Бланк XVII ғасырдың екінші жартысында ағылшын жүйесін француз тіліне ендірмек болды. 1802 жылы ол «Окиграфия Бланка» дейтін еңбегін император I Александрге ұсынып, сыйлыққа бриллиант көзді сақина алды.

1792 жылғы Москвада шыққан Анридің «Тахиграфия» деген еңбегін профессор Готфруа «Ауыздан шыққан орыс лебізін ілешала жазуға болады» деген атпен 1809 жылы қайта басып шығарды, бірақ онысы ойдағыдай болмады. 1820 жылы М. А. Корфтың Петербургте шыққан «Сөзді стенографиямен жазуға болады» деген еңбегі 1840 жылы Францияда қолданылып жүрген стенография жүйесінің аудармасы ғана еді.

1858 жылы М. И. Иваниннің геометриялық стенография жүйесі «Стенографияны — шапшаң жазу өнерін—орыс тілінде қолдануға болады» деген атпен шығарылды. Бұл оқып-үйренуге өте жеңіл болғанмен, сөз қысқарту тәсілдерін қолданбағандықтан, жазу шапшаңдығы үшін жарамсыз болды. Россияда Иванин жүйесін жазуды үйреніп шыққан алғашқы практик-стенографтар шапшаң



жазу жағынан 1860 жылға дейін қолданылып жүрген графикалық жүйемен шендесе алмады.

Россияда XVIII ғасырдың басынан қолданылып келген стенография жүйелері тек француз (геометриялық) және неміс (графикалық) жүйелерінің көшірмелері болды, орыс тілінің түрін, тобын және фонетикасын ескермеді, оған үкімет тарапынан қамқорлық болмады.

1860 жылы сот істерін жүргізу жөнінде жасалған реформаға байланысты айыпкерлердің, айыптаушылардың және куәлардың сөздерін жазып алуда, жалпы сот жұмысын жеңілдету мақсатымен Заң министрлігі сот орындарына тәжірибелі стенографтар керектігіне назар аударды. Патша үкіметі Заң министрлігінің ұсынысын орында деп тауып, стенографияның орыс тіліне ең қолайлы жүйесін таңдап алу үшін Оқу министрлігі жанынан ресми комиссия құрды. Оның құрамына оқу округінен, Заң министрлігінен және басқа да мекемелердің бірнеше өкілдері кірді. 1863 жылы графика жүйесінің жаңа түрлерімен танысу үшін Германияға бірнеше адам жіберілді.

Комиссия орыс стенографиясының қолайлы негізін жасаушыларға 1500 сом бәйге жариялады. 1864 жылы оған стенографиялық 28 еңбек түседі. Комиссия бұл еңбектердің ішінен Паульсон мен Мессердің Штольце жүйесіне сүйеніп жасаған еңбегі мен Ольхинның, профессор Цейбих пен Торнауның Габельсбергер жүйесіне негіздеп құрған еңбегін қабылдайды. Профессор Цейбих пен Торнауның еңбегі «Стенография туралы оқулық» деген атпен 1863 жылы С. Петербургте шығады, ал 1867 жылы оның толықтырылған түрі осы атпен қайта басылады. Ольхинның еңбегі 1866 жылы оқулық түрінде С. Петербургте басылып шығады. Ольхин Габельсбергер ережелері мен қысқарту әдістерін, жалғау, жұрнақ, сөз түбірлерін орыс тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып пайдаланады, бұл өзіне тән жаңалықтары бар оқулық еді.

Паульсон мен Мессердің Штольце жүйесіне негіздеген еңбегі 1864 жылы С. Петербургте басылады.

Комиссия бекіткен стенографиялық екі еңбек неміс жүйесіне негізделген графикалық стенография еді. Бұл екі жүйе бойынша орыс сөздерін әрі қатесіз, әрі шапшаң жазу үшін уақыт көп керек болғандықтан, оларды жеңілдетушілерге мүмкіндік беріледі. Бұдан кейін де Россияның әр қалаларында ізденіп, жазған стенографиялық еңбектер шығып жатады. Мысалы, 1866 жылдың өзінде Москвада «Шевеляковтың стенографиялық жазу жүйесі» деген кітабы басылып шығады. Бұдан екі жыл кейін Москвада оқытушылар Брайковский мен Прокудовтардың құрастыруымен «Стенография» оқулығы жазылады.


1874 жылы Штольце жүйесінен сабақ беруші Терне стенографияның дыбыс естілу жүйесін шығарады. Штольце жүйесінің таңбаларын пайдаланғанымен, Терне орыс тілінен естілу ерекшеліктеріне сүйеніп, өзіше жаңа жүйе шығарады. Мұны нағыз орыс стенографиясының жүйесі дейтін болған.

Стенографияны бұл жүйемен үйренушілер аз болғанымен, олар тез жазатын (минутына 150 сөзге дейін) болады. Терне өлгеннен кейін, оның шәкірттері бұл жүйенің күрделі қысқартуларын жеңілдеті алмайды. Дегенмен сөздің шапшаң жазылатынына қызығып, мұны жақтаушылар көп болады. Мысалы, Терне жүйесін таратуды көздеп С. Петербургте 1905 жылы Сопонько «Стенография — қысқарта жазу» деген оқулық шығарады. Осы жылы Черданцевтың Штольце жүйесін негізге ала жасаған оқулығы шығады. Сөйтіп, 1866 жылдан бастап сот мәжілістеріне стенографтар қатыстырылатын болады. 1902 жылы 5 январьда С. Петербургтегі Қсенинский институтында стенография арнаулы пән ретінде енгізіледі.


Осы кезде Петербургте Животовскийдің геометриялық негізде құрылған жүйесі пайда болады. Одессада Кривош жүйесі деген шығады. 1871—1872 жылдары Харьковте Габельсбергер жүйесін насихаттап «Стенографиялық листок», ал Киевте Штольце жүйесін жақтап «Стенографиялық вестник» бір жылдай шығып тұрады.

Жүйе деген әр тілдің өзіне тән ерекшелігіне, сөз құрылымына сай алынады, мұны толығырақ дәлелдеу үшін осы жоғарыда аталған үш жүйенің әріптері жазып көрсетейік.


### Габельсбергер алфавиті

 (2 мөлшер)

т                      ф                      ц                      ч                      щ                      ш


 (1 мөлшер)

б   в   г   д   ж   з   м   н   п   у   х   ы   ю


 (жарты мөлшер)

а   е   и   л   о   р   с   я   к   ь   ъ


### Штольце алфавиті:



б   г   д   ж   з   ф   ц




в   к   л   м   н   п   е   т   х   ч   ш   щ



а   и   о   р   у   ю   я   ы   ъ

## Терненің алфавиті:



Стенографияның жаңа жүйесін жасауға қолданатын (әріптер) сызық екі түрлі — графикалық және геометриялық — сызықтар болады. Олай болса, әр тілде қандай әріп жиі қолданылады, соған қарап сызылатын әріптің ыңғайлысы мен кішірегі алынады. Кәдімгі басатын машинка клавишындағы әріптердің тізілуі әрқилы. Орысша және қазақша машинкаларда әріптер олардың жиі қолданылуына қарай орналастырылған. Жаңа жүйе іздеушілер де әр тілдің ерекшелігіне қарап, бар әріптерді пайдаланып, қысқарту жолдарын іздестіреді. Тіл ерекшеліктері мен тіл түрлерін ескеріп жасалған жүйелерді жанартуда сөз ішінде жазылмайтын дауысты дыбыстар барын білдіретін жүйе іздейді. Осы уақытқа дейін сөз ішінде дауысты дыбыстарды анықтайтын үш: 1) сөз ішінде қандай дауысты дыбыс барын (нүкте және үтір арқылы) дауыссыздардың не үстіне, не астына нүкте қою арқылы білдіру; 2) дауыссыздарды олардың бірі мен бірінің тіркесі арқылы не өздерін түрлендіріп, әріптердің соңғы сызықтарын өзгерту және 3) дауыссыз әріптердің жазылу жағдайын-орнын өзгертіп, жол арқылы белгілеу, немесе қатты басу (нажим) арқылы білдіру жолдары қолданылып келеді.

Штольценің тапқан басты ережесі сол — сөз ішіндегі дауыстыларды дауыссыздардың арасында келгенін білдіру үшін тіркеу сызығын түрлендіру (созу, жоғары көтеру немесе төмен тарту) арқылы білдіреді.

Сонымен, Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Россияда ресми түрде үш жүйе (Габельсбергер, Штольце, Терне) қатарласа жүрді. Революциядан кейін де орыс стенографиясы жүйесінің жеңілдетілген, ықшамдалған түрін шығаруға талаптар жасалды, бірақ олардың бәрі де жоғарыда айтылған үш жүйенің төнірегінен ұзап кете алмады. Жаңадан стенография негіздерін жасаушылар бар стенографияның даму жолын ескермей, өздерінше жаңадан қысқарту әдістерін қолданып, оны «Жаңа графикалық жүйе» деп атады.



Стенография жазуының бұл бытыраңқылығын жойып, орыс сөзін жазуда қолданылып келген әр жүйені біріктіру мақсатымен профессор Н. Н. Соколов стенография жүйесін жасады, ол 1933 жылы үкімет тарапынан Совет Одағында орысша сөйлеуші халықтар үшін мақұлданылып-бекітілді. Соколов жүйесі бұрынғы үш жүйенің олқы жерлерін толықтырады. Соколов жүйесі сөздерді естілу ыңғайымен жазудан (слуховая, фонетикалық ерекшеліктен) гөрі түбірлі жүйеге жақын келеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ұлттық мәдениеті қарыштап дамыған қазақ республикасында да стенографияға көңіл бөлінді. Қазақ тілінде жүретін жиналыстарда, пленумдарда, конференцияларда, съездерде шешендердің сөздерін қазақ тілінде жазып алу керек болды.

Сондықтан 1930 жылы Алматы облыстық партия комитетінің пленумында қазақ тілінде стенография жазуын қолдану мәселесі көтеріледі. Сонымен Бүкіл Одақтық Орталық Атқару Комитетінің Ұлттар Советі бұл ұсынысқа назар аударады. 1931 жылы Москвада түркі тектес тілде сөйлейтін 14 ұлт республикасынан 2—3 адамнан өкілдер шақыртып, проф. Бурлаковтың «НУС» стенографиялық жүйесін үйрететін курс-кеңес өткізіледі.

Курс-кеңес дейтініміз курста арнаулы программа бойынша сабақ жүргізілетін болса, мұнда өкілдер кеңесе отырып, әр ұлт тілінің құрамына, ерекшеліктеріне сәйкестендіріп стенография жүйесін жасаған. Соған қатнаскандардың бірі Қазақстаннан Насиха Успанова болатын.

Профессорлар П. Р. Бурлаков пен Л. И. Жирков оқытушы А. М. Юрковский үшеуі бірігіп жазған «Ұлттық унитарлық стенографияның теориясы мен методикасы» деген кітабын 1933 жылы Москвадағы Агамалы оғлы атындағы Жоғары Орталық педагогикалық стенография және машинапись курсы басып шығарды. Бұл кітапқа алғы сөзді СССР Орталық Атқару Комитетінің Ұлттар Советі жанындағы Жаңа алфавит жөніндегі Бүкіл одақтық Орталық Комитет президиумы жазды. Онда: «Әр ұлт стенографтарына «НУС» жүйесін өз тіліне сәйкес дамытуына бұл кітап кең жол ашады. Дамытушылар үшін сол ұлт тілінің грамматикасын жақсы біліп, сол тілде сөйлеуі басты шарт. Олардың ендігі кезектегі міндеті — «НУС» жүйесі бойынша өз тілінде стенографиялық оқулық жазуы және стенографиялық сөздік жасау» — делінген.

Сонымен, түркі тілі тектес тілде сөйлейтін ұлт республикалары үшін 1933 жылы осы «Национальная унитарная стенография» жүйесі бекітіліп берілді.

Түркі тектес тілдерге арнап стенографиялық әріптерді белгілеудің өзі көп ойластырудан туған. Мұның өзі «ТУС» (Түркі тілінің ұлттық стенографиясы) деп аталып, ол әріптер ең алдымен азербайжан тілінде қолданылды. Бакуде өткен стенографтардың конференциясы «ТУС» әріптерін қолайлы деп тапты. Бірақ түркі тектес тілдердің өз ерекшеліктерін ескеріп, «Баку алфавитіндегі»






әріптерді әр тілде қолданылуына қарай ауыстыруға болады деп танылған.




Совет Одағындағы түркі тектес тілде сөйлейтін 11 ұлт үшін арналған «ТУС» жүйесін тәжік, монғол, бурят, қалмақ тілдеріне де қолдануға болады деп тұжырымдалып, бұл енді «НУС» — деп аталған.

Біз бұл жерде тағы да стенография әріптерінің тегі бір екенін ұғындыру үшін, төменде мысалдар келтірейік:

### орыс (Соколов) алфавиті:



### қазақ алфавиті:



Соколов жүйесі мен «НУС» жүйесінде сөз қысқарту тәсілдерінде үлкен айырмашылық бар. «НУС» жүйесінде қысқарту ережелері жол арқылы жүргізіледі, ал Соколов орыс тілінің фонетикасына сүйеніп, сөзді өз ішінен қысқартатын ереже шығарған. Бұлардың басты айырмашылығы міне осында. «НУС» жүйесінде қысқарту жолдары күрделілеу сияқты көрінгенімен, ережесіне қадағалап назар аударса, оны ұғу қиын емес. Сөздер қысқартылып, шолақ жазылатындықтан, бұл жүйемен өте тез жазуға болатын-

дығын практика дәлелдеді. Мысалы, 1933 жылдан бастап «НУС» жүйесі жөнінде мемлекет тарапынан екі дүркін стенография курсы ұйымдастырылды. Бұл курстар екі жылдық еді. Оқушылар 18 ай оқып, минутына 90—100 сөз жазып шығатын болды.

Бұл курста сабақ берген Насиха Успанова стенография теориясын үйреніп келгенімен, практикада жазып дағдыланбаған еді. Курс-кеңесте өзінің үйренген стенография әріптерін, қысқарту негіздерін, қос әріптер, жалғау, жұрнақ, дауысты әріптерге берілетін айырмашылық негіздерін өзі жақсы ұғып, оқушыларға ойдағыдай үйреткендігінен оқушылар жақсы ұқты.

Сөйтіп, Қазақстанда 1930—1933 жылдары қазақтың ұлттық стенографиясының іргесі қалана бастады, бұл ұлт мәдениетінің алға басып өркендеуімен тығыз байланысты болды.

## МАЗМҰНЫ

	Беті.
Кіріспе . . . . .	3
<b>Бірінші бөлім</b>	
Стенография тарихынан . . . . .	6
<b>Екінші бөлім</b>	
<b>Бірінші тарау</b>	
Алфавит . . . . .	16
Алфавиттегі әріптер . . . . .	17
Жарты мөлшерлі әріптер бір біріне қалай тіркесіп жазылады . . . . .	19
Екі мөлшерлі әріптер бір біріне қалай тіркесіп жазылады . . . . .	20
Екі мөлшерлі әріптердің жарты мөлшерлі әріптермен тіркесу тәртібі . . . . .	22
Екі мөлшерлі <i>О</i> әріпінің тіркесу тәртібі . . . . .	23
Екі мөлшерлі әріптерге <i>С</i> әріпінің тіркесу тәртібі . . . . .	26
Екі мөлшерлі әріптерге <i>И</i> әріпінің тіркесу тәртібі . . . . .	27
Жалпы әріптердің алдынан <i>І</i> әріпінің тіркесу тәртібі . . . . .	28
Таңба және белгі туралы түсінік . . . . .	30
<b>Екінші тарау</b>	
Стенографиялық тұрақты түбірлер және сол түбір ішіндегі дауысты әріптерді айқындайтын ережелер . . . . .	30
«Дауыссыздардың тіркестерін түрлендіру арқылы түбір ішіндегі дауыстылар айқындалады» деген ережені қалай түсінуге керек . . . . .	31
Екі мөлшерлі әріптердің сөз ішінде жазылу түрлері . . . . .	37
<b>Үшінші тарау</b>	
Сөз қысқарту әдістері . . . . .	46
<i>Л</i> әрпін түсіріп жазу әдісі . . . . .	48
Сөз соңында және сөз ішінде <i>С</i> әрпінің жазылу түрі . . . . .	50
Сөз ішінде және соңында жазылатын шырғауық <i>У</i> мен ілмек <i>Л</i> әріптері . . . . .	52
« <i>Сз</i> » және « <i>Ст</i> » қосар әріптерге шолу . . . . .	54
<b>Төртінші тарау</b>	
Бір мөлшерлі әріптер . . . . .	57
Екі мөлшерлілердің сөз ішінде жазылатын түрлерінің бір мөлшерлілерге тіркесу тәртібі . . . . .	70
Бір мөлшерлі әріптердің алдынан келген дауыстылардың тіркесі . . . . .	71
<b>Бесінші тарау</b>	
Жол арқылы <i>М</i> әрпін түсіріп жазу . . . . .	73

### Алтыншы тарау

Қосар әріптер	77
Я, Ю және В дыбыстары туралы	82

### Жетінші тарау

Жол арқылы Д және Т әрпін түсіре жазу	84
---------------------------------------	----

### Сегізінші тарау

Бір мөлшерлі қосар әріптер	90
----------------------------	----

### Тоғызыншы тарау

Жол арқылы Н, Ң әріптерін түсіре жазу	104
Басы қармақ әріптердің алдынан жазылатын М әрпі	106

### Оныншы тарау

Жол арқылы Р әрпін түсіре жазу	114
--------------------------------	-----

### Онбірінші тарау

Қорытынды	116
-----------	-----

### Үшінші бөлім

Қосымшалар	128
Жаттығып жазу текстері	141
Жаттығып жазу текстерінің жазылып оқылуы	153
Сөздіктер	169
Ай, жыл мерзімдерінің жазылу кескіндері	247